

Тезис: Білім беру мазмұнын жаңару жағдайында білім беретін мектеп кітапханашыларының кәсіби-мәнді сапасы.

Білім беру мазмұнын жаңару жағдайында білім беретін мектеп кітапханашылары үшін оның қоршаған адамдарға білдіретін әсері өте маңызды, сондықтан ол өзінің жеке имиджін қалыптастыру үшін этикет ережелерін білуі қажет және өзін-өзі осы ережелерге сәйкес ұстауы тиіс.

Қазіргі кезде адамдардың өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алатын орны ерекше екендігіне бағдарлау.

Кітапхана мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізгі болып табылады. Кітапханаларда оқу феноменін тиімді пайдалану мен дамытудың сан ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі сақталған. Олар кітаптарда жинақталған адамзат жадының, ұлт жадының алтын қоры, ал кітапханашылар – сол теңдесіз қазынаның шырақшылары іспеттес екендігін жеткізу.

Міндеті: Кітапханашының басты міндеті елдің ұрпағын білім дариясына бағыттау үшін қызмет ету.

Оқырмандардың кітап оқуына жеткешілік ету жұмыстарының арасынан әдебиеттерді насихаттаудағы көпшілік жұмыстарының алатын орны.

Жас ұрпаққа тәрбие беруде олардың жан-жақты дамуына, еңбекті сүйюіне, үлкен өнегеге тәрбиелеуде кітапқа қатысты тәрбие жұмысының әртүрлі әдістерін кеңінен қолданауды және сол әдістерді жетілдіруге атсалысу.

Жұмыс жоспары:

1. Кітапхана мәдениеттің жоғары деңгейлігі;
2. Коммуникативтік кітапханалық қарым-қатынас;
3. Тәрбиелік қызметте кітапхананың орны;
4. «Кітапханашы-оқырман» арасындағы қарым-қатынас;
5. Еңбек ресурстары.